

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНА СӘЙКЕС ФАКУЛЬТАТИВТІК  
САБАҚТАРДА 7–ШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН  
ДАМУЫ МАҚСАТЫНДА ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРС  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Нурлыбекова Райхан Байтилеуовна**

*nraikhan@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Техникалық физика кафедрасының,  
06M011000 «Физика» мамандығының II курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Г.Е. Сағындықова

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының жаңартылған білім мазмұнына сәйкес 7 – сынып оқушыларына арналған факультативтік курс бағдарламасының құрастырылғандығы және бағдарламаның негізгі ерекшеліктері, курстың алдына қойған мақсаттары, міндеттері, күтілетін нәтижесі туралы баяндалған. Курс бағдарламасының бөлімдері мен жұмыс түрлері сипатталып, атаулары көрсетілген. Курста оқушылардың териялық білімін компьютерлік модельдеумен байланыстырып, физикалық шамалардың тәуелділігін кең, ауқымды зерттеуге, алған білімдерін эксперимент жасап, есептеулер жүргізу арқылы нақтылауға, өміре пайдалану аясын көрсетуге арнағандығы жазылған.

Бүгінгі күні елімізде болып жатқан әлеуметтік – мәдени өзгерістер қазіргі білім беру қоғамның өзекті сұранысын қанағаттандырмайды. Білім алушылар бүгінгі күні мектепте алған білімі олардың өздерін де, ата-анасын да, жалпы қоғамды да қанағаттандырмайды. Қоғам өзгерді, білімді адамға қойылатын талаптар да өзгерді – ол тек білу ғана емес, сонымен қатар тез өзгеретін әлемде өз білімін қолдана білу керек. Қазіргі жағдайда қоғамға жүйелі, шығармашылық ойлау қабілеті бар, алған білімін өміріне пайдаланатына алатын, бәсекеге қабілетті тұлға қажет.

Біздің Еліміздің білім беру жүйесі жоғарыда айтылған қабілеттерге сай оқушыны тәрбиелеуге, білімді, саналы ұрпақ жетілдіруге мүмкіндігі жете ме? – деген сұрақ пайда болады. Әрине қазіргі заман талабына сай оқушылардың гипербелсенділігін ескерсек, бұрынғы білім беру жүйесін пайдалану мүмкіндігі төмен, сол себепті Білім және Ғылым министрлігінде Жаңартылған білім мазмұнын енгізу ұсынылды. Жаңартылған білім мазмұнының ерекшелігі оқушыларға берген білімді, бұрын мұғалімнен – оқушыға бағытталған болса, қазір мұғалімнің нұсқауымен, оқушы белгілі оқу мақсаттарына өзі жетумен негізделеді. Бұл бағдарламаны енгізу оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, өз бертімен көп жұмыс жасауға жетелейтіні анық.

Еліміздегі жаңартылған білім бағдарламасын енгізу, білім беру жүйесін ескі әдіс-тәсілдердің орнына жаңа белсенді әдістермен ауыстыру оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады.

Қазіргі қоғам ақпараттық сипатқа ие болып келеді, онда біздің өмірімізді түрлендіретін негізгі фактор ақпарат болып табылады. Оқушыларға ақпараттық кеңістікке шығуды тежемеу керек, балаларды сол ақпарат көздерін пайдаланып білім алуға жетелеу керек. Адамға да, оның біліміне да жаңа талаптар пайда болады: оның жеке және кәсіби қасиеттеріне, шығармашылық мүмкіндіктеріне, оның білімі мен іскерліктеріне, оларды үнемі жаңартып, кеңейтіп, жаңаларын шығара білуге үйрену қажет. Бүгінгі күннің ұраны – «Өмір бойы білім алу!».

Жаңартылған оқу бағдарламасы физика пәнін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) негізделген. Оқу бағдарламасында коммуникативтік әрекеттер мен дағдыларды жүзеге асыратын оқу мақсаттары ұсынылған. Оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған. Бағдарлама «спиральді оқыту» тәсіліне негізделіп құрылған. Әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып

отырады. Бағдарлама мазмұны әдебиет, тарих, биология, география, физика сияқты өзге пәндермен тығыз байланысты. Бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді.

Жаңартылған мазмұндағы 7-сыныпқа арналған «Физика» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық – ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру. 7-сыныптың физика курсына табиғат құбылыстарын қарастырады, физиканың негізгі заңдарымен танысады және осы заңдарды техникада және күнделікті өмірде қолдану деңгейінде оқытылады. Сондықтан білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін, физикалық экспериментті және зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын дамыту мақсатында тәжірибелер жасатуды жолға қойып отырмын.

Мұғалім мектеп физикасының әдістеме сабағында тақырыптық материалды ұтымды әрі әсерлі өткізу үшін теорияны көрнекілік тәжірибеден, одан кейін есептеулерге ауысуы тиімді. Эксперименттік есептер алған білімді шығармашылықпен қолдануға және оларды қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, эксперименттік жұмыстарды күнделікті өмірмен байланысты, қысқа уақытта қол жетімді етіп жасау, оқушының ой-өрісін дамытып, оған білімін шыңдай түсуге мүмкіндік береді.

7 – сынып оқушылардың функционалдық сауаттылығы, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту үшін келесі факультативтік сабақ бағдарламасын жасадым. Бағдарлама атауы «Бақыла біл, шешімін тап» - деп аталды.

#### **Курстың негізгі мақсаттары:**

- физика сабақтарында негізінен оқушылардың эксперименттік жұмыс дағдысын, шығармашылық қабілетін дамытуды қалыптастыру;
- физиканы оқыту үрдісінде оқушылардың табиғат құбылыстарын бақылай білуге, оларды талдауға, олардың заңдылықтарын түсініп, практикада қолдана білуге үйрету;
- физика сабақтарында эксперименттік, зертханалық жұмыстарды жасап, есептеулер жүргізіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- физиканы оқыту үрдісі нәтижелі болу үшін оқушылардың логикалық санасы мен шығармашылық ойлауын дамыту;
- оқушыларды физикалық құбылыстарды компьютер арқылы модельдеуге дағдыландыру, физикалық шамалардың тәуелділігін зерттеуге үйрету.

#### **Курстың міндеттері:**

- физикалық эксперименттер жасап, физикалық шамаларды өлшей білуге үйрету;
- физикалық құрал – жабдықтармен жұмыс жасау және зерттеу нәтижесіне қорытынды жасай білу;
- физикалық эксперименттерге есептеулер жүргізіп, ғылыми жаңалықтарды іздеу;
- физикалық эксперименттік тапсырмаларды ұғынудың тиімді тәсілдерін табу;
- физиканың қазіргі заманғы ғылым мен техникадағы жетістіктерін ұғыну оларды пайдалануға үйрету.

7- сынып оқушыларына арналған аптасына – 1 сағат, барлығы – 34 сағатты құрайды. Бағдарламада теориялық, практикалық, эксперименттік тапсырмалар арқылы оқушыларды жетелеу тапсырмалары қарастырылған. Мысал ретіне «Жұмыс. Қуат. Энергия.» тарауын қарастыратын болсақ, тарау бойынша теориялық білімді қайталауға, компьютерлік модельдеуге одан кейін эксперименттік жұмыс жасау арқылы зерттеуге бағытталған.

#### **Бағдарлама стандартқа сәйкес сегіз бөлімнен тұрады:**

- 1 бөлім. Кіріспе (1сағат)
- 2 бөлім. Механикалық қозғалыстар ( 6 сағат)
- 3 бөлім. Заттың тығыздығы (2 сағат)
- 4 бөлім. Табиғаттағы әр түрлі күштер (5 сағат)
- 5 бөлім. Қысым (3 сағат)
- 6 бөлім. Механикалық жұмыс. Қуат. Энергия. (6 сағат)

7 бөлім. Физика және техника (8 сағат)

8 бөлім. Қорытынды (4 сағат)

Мектептің физика курсына оқытудағы ең маңызды әдістердің бірі – тәжірибе техникасын пайдалану. Физиканы эксперименттік оқыту барысында табиғат заңдарын жете түсініп, физика заңдылықтарын терең түсінуге септігін тигізеді. Оқушыларды техниканың тілін түсініп, оны игере білуге талаптандырады.

Бұл курс бағдарламасы қалалық педагогикалық идеялар сайысына қатысып ІІ орынды иеленді. Факультативтік сабақ бағдарламасы ретінде бекітіліп 2019 – 2020 оқу жылында оқушылармен жұмыс жасалуда. Оқушылар біраз дағдыланып қалды.

Қазіргі кездегі етек алып келе жатқан игі әдістемелік бағдарлардың бірі – теориялық проблеманы айқындап, сабақ барысында жауабын оқушылар өзі табуға әдеттендіру. Бұл әдістемелік бағдар оқушылардың ой-санаттарын сабақ бойы белсенді, мұғалім қойған проблемалық жәйттің (ситуация) бар ынта – ықыласымен шешімін табуға жетелейді. Бағдарлама физика заңдылықтарын өмірде пайдаланып, оның жақсы және адам өміріне зиянды жақтарын анықтауға, сонымен қатар баламалы энергия көздері арқылы энергия алу жолдарын үйренуге, физикалық заңдылықтарды пайдалану жолдарын үйретуге бағытталған. Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді деген сенімдемін.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты: бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

2. Физика. Жұмыс бағдарламаларының жинағы. 7-9 сыныптар. Пособие для учителей общеобразовательных учреждений. – М.: Просвещение, 2011.-144 б.

3. 28. Негізгі мектепте әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру: әрекетінен ойға дейін. Тапсырмалар жүйесі: мұғалім үшін құрал. Под ред. А. Г. Асмолова.- М.: Просвещение, 2010.- 159 б.

4. 29. Хуторской А. В. Хуторской, Л. Н. Қызықты физика. – М.: АРКТИ, 2011.- 192 б.

ӘӨЖ 372.853

#### **ҮЙ ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ТУРАЛЫ**

**Пармонова Гулмира Рахматқызы**

*parmanova\_guma@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің ІІ курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Н.И.Темірқұлова

Қазақстандық оқушылар PIRLS, TIMSS және PISA сияқты білім беру сапасын анықтайтын халықаралық мониторингтік зерттеулеріне қатысады. Біздің еліміз 2018 жылы төртінші рет PISA зерттеулеріне қатысты. Талдау нәтижелері, біздің 15 жастағы жасөспірімдеріміз алған білімдерін практикада жеткілікті деңгейде қолдана білмейтіндігін, логикалық тұрғыда дұрыс тұжырымдар жасай алмауын, сонымен қатар ақпараттық кестелер мен диаграммаларды түсіндіре алмайтындығын көрсетті./1/. Бұл қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығының жоғары деңгейінің жеткіліксіз екендігін көрсетеді: жасөспірімдерде практикалық жұмысты толық орындау үшін негізгі білім, білік дағдылары жоқ.

Бүгінгі таңда біз адами капиталдың, яғни елдің инновациялық экономикалық дамуының негізгі факторы ретіндегі рөлін және кадрлардың кәсібилігін арттыру қажеттілігін түсіндік: кез келген мемлекеттің прогресі адами капиталмен, өскелең ұрпақтың ғылыми және